ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2018 жылғы 19 қазан №661 Астана, Үкімет Үйі

«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамының акцияларын бәсекелі ортаға берудің кейбір мәселелері туралы

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 175-бабының 3-тармағына, «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» 2012 жылғы 1 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағының 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамына тиесілі, акциялары Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша иеліктен айырылатын немесе сенімгерлік басқаруға берілетін және оларды тарату, қайта ұйымдастыру туралы шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайтын ұлттық даму институттарының, ұлттық компаниялардың және басқа да заңды тұлғалардың тізбелерін бекіту туралы» 2009 жылғы 15 шілдедегі №1070 және «Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» 2015 жылғы 30 желтоқсандағы №1141 қаулыларына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – қор) заңнамада белгіленген тәртіппен «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – компания) акцияларының жалпы орналастырылған акциялар санының 25 (жиырма бес) %-дан аспайтын саны 64839152 (алпыс төрт миллион сегіз жүз отыз тоғыз мың бір жүз елу екі) аспайтын компанияның жай акцияларын қордың жалғыз акционерінің шешімімен бекітілетін, қордың директорлар кеңесінің шешімімен айқындалатын бағамен, санда және құрылым бойынша иеліктен шығарсын.

2. «Ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының, сондай-ақ мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына берілген және (немесе) олардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің және мемлекетпен аффилиирленбеген заңды тұлғалардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің тізбелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 маусымдағы №651 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2008 ж., №31, 330-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының, сондай-ақ мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына берілген және (немесе) олардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің тізбесінде:

«Меншігінде стратегиялық объектілер бар заңды тұлғалар акцияларының пакеттері (қатысу үлестері, пайлары)» деген бөлімде:

реттік нөмірі 1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

1.	«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ акциялар пакетінің 75%

».

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі Б.САҒЫНТАЕВ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2018 жылғы 23 қазан №669 Астана, Үкімет Үйі

Медициналық және фармацевтикалық қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы

«Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары медициналық және фармацевтикалық қызметті жүзеге асыру бойынша лицензиар болып;

2) тиісті аумақтардағы халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілерге медициналық және фармацевтикалық қызметке лицензия беруді келісуді жүзеге асыратын органдар болып айқындалсын.

2. Орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі Б.САҒЫНТАЕВ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2018 жылғы 23 қазан №674 Астана, Үкімет Үйі

Түркістан облысының білім беру, табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу ұйымдарына атау беру және қайта атау туралы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 4-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы №281 (Қазақстан Республикасы ПҮАЖ-ы, 1996 ж., №11, 81-құжат) қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шымкент қаласы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының «Шымкент мемлекеттік дендрологиялық саябағы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына Асанбай Асқаровтың есімі берілсін.

2. Мынадай білім беру ұйымдары:

1) Арыс қаласының «Білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «МТФ» шағын жинақты бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Арыс қаласының «Білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ынтымақ» шағын жинақталған бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) Арыс қаласының «Білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Лесхоз шағын жинақты бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Арыс қаласының «Білім бөлімі» «Бірлік» шағын жинақталған бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3) «Бәйдібек ауданы білім бөлімінің «Комсомол жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Бәйдібек ауданы білім бөлімінің «Қаратау» жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

4) «Отырар ауданы білім бөлімінің «Аққөл» шағын жинақты негізгі орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Отырар ауданы білім бөлімінің «Жұмагелді Егембердиев атындағы шағын жинақталған негізгі орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

5) Ордабасы аудандық білім бөлімінің «Көкарал» жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Ордабасы ауданы білім бөлімінің «Бәйдібек Төлепбаев атындағы жалпы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

6) Келес ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «№21 «Қызыл ту» жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Келес ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «№21 «Келес» жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

7) Келес ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «№49 Ленин жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Келес ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «№49 «Болашақ» жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

8) Келес ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «№52 «Октябрь» жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Келес ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «№52 «Сырдария» жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

9) Сарыағаш аудандық білім бөлімінің «№13 Қазақ ССР-нің 50 жылдығы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Сарыағаш аудандық білім бөлімінің «№13 «Мәңгілік ел» жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі Б.САҒЫНТАЕВ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 20 қыркүйек №469 Астана қаласы

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

(Жалғасы. Басы 206-нөмірде)

3) 3-бөлім «Бағалау және салыстыру»:
3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
3.1 Тарихи және көркемдік құндылығы	5.3.1.1 шығармадағы эпизодтар арқылы тарихи құндылығын бағалау.	6.3.1.1 шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру	7.3.1.1 кейіпкерлердің іс-әрекеті мен автор берген портреттік мінездемені салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру	8.3.1.1 шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес басқа шығармалармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау	9.3.1.1 шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау	10.3.1.1 шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау
3.2 Заманауилығы мен жаңашылдығы	5.3.2.1 кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау	6.3.2.1 кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беру	7.3.2.1 әдеби жанр түрлерінің даму барысына, жаңашылдығына заманауи тұрғыдан баға беру	8.3.2.1 шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру	9.3.2.1 шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру	10.3.2.1 шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңа шылдығына баға беру
3.3 Әдеби эссе	5.3.3.1 шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу	6.3.3.1 шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу	7.3.3.1 шығарманы ұлттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу	8.3.3.1 шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу	9.3.3.1 шығарманың идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу	10.3.3.1 шығарманың идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу
3.4 Әдеби сын	5.3.4.1 оқырманның рухани дүниесіне шығарма әсерін талдай отырып, сыни хабарлама жазу	6.3.4.1 шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасау	7.3.4.1 әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы туралы шағын сыни шолу жазу	8.3.4.1 шығарма бойынша жазылған әдеби сын пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазу	9.3.4.1 әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілері мен салыстыра талдап, шағын сын мақала жазу	10.3.4.1 әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілері мен салыстыра талдап, шағын сын мақала жазу

43. Осы Бағдарлама есту қабілеті бұзылған (естімейтін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

44. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін
«Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік
оқу бағдарламасына қосымша

Есту қабілеті бұзылған (естімейтін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар

1) 5-сынып:
1-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Бөлім*-дер	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
Таза, мінсіз асыл сөз	«Керқұла атты Кендебай» ертегісі, «Қобыланды батыр» жыры, Асан қайғы «Асан қайғының жерге айтқан сыны» аңызы	Түсіну және жауап беру	5.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау; 5.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау; 5.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу; 5.1.4.1 көркем шығармалардан шағын көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту;
		Анализ және интерпретация	5.2.1.1 әдеби шығармадағы екі нәрсенісалыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу; 5.2.2.1 эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтау; 5.2.3.1 шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау; 5.2.4.1 көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу;
		Бағалау және салыстыру	5.3.1.1 шығармадағы эпизодтар арқылы тарихи құндылығын бағалау; 5.3.2.1 кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау;
2-тоқсан			
«Тәрбиенің қайнар бұлағы»	Дулат Бабатайұлы «О, Ақтан жас, Ақтан жас», Ыбырай Алтынсарин «Қыпшақ Сейітқұл», «Атымтай Жомарт», «Дүние қалай етсең табылады?»	Түсіну және жауап беру	5.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау; 5.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау; 5.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу; 5.1.4.1 көркем шығармалардан шағын көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту;
		Анализ және интерпретация	5.2.1.1 әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу; 5.2.2.1 эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтау; 5.2.3.1 шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау; 5.2.4.1 көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу;
		Бағалау және салыстыру	5.3.3.1 шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу;
3-тоқсан			
Адамгершілік - асыл қасиет	А. Байтұрсынұлы «Егіннің бастары» мысалы, «Адамдық диқаншысы» өлеңі, Б. Соқпақбаев «Менің атым –Қожа» хикаяты, М. Қабанбай «Бауыр» әңгімесі	Түсіну және жауап беру	5.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау; 5.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау; 5.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу; 5.1.4.1 көркем шығармалардан шағын көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту;
		Анализ және интерпретация	5.2.1.1 әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу; 5.2.2.1 эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтау; 5.2.3.1 шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау; 5.2.4.1 көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу;
		Бағалау және салыстыру	5.3.2.1 кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау; 5.3.3.1 шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу; 5.3.4.1 оқырманның рухани дүниесіне шығарма әсерін талдай отырып, сыни хабарлама жазу;
4-тоқсан			
Отбасы құндылықтары	Т.Нұрмағамбетов «Анасын сағынған бала» әңгімесі, Нұрдәулет Ақыш «Нағыз әке қайда?» әңгімесі Д.Лондон «Мексика ұлы» әңгімесі	Түсіну және жауап беру	5.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау; 5.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау 5.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу; 5.1.4.1 көркем шығармалардан шағын көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту;
		Анализ және интерпретация	5.2.1.1 әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу; 5.2.2.1 эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтау; 5.2.3.1 шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау; 5.2.4.1 көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу;
		Бағалау және салыстыру	5.3.1.1 шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу;

2) 6-сынып:
2-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Бөлімдер	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
Туған жерім-аялы алтын бесігім	«Аяз би» ертегісі «Алып Ер Тұңға» жыры, Әл Фараби «Қашықтасың туған жер», «Тіршілікте құрыштай бол төзімді», Доспамбет жырау «Қоғалы көлдер, қом сулар», «Айналайын, Ақ Жайық»	Түсіну және жауап беру	6.1.1.1 әдеби шығарманың жанры, фабуласы, сюжетін анықтау; 6.2.2.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру; 6.3.3.1 әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысынан сипаттау; 6.3.4.1 көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту;
		Анализ және интерпретация	6.2.1.1 шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау; 6.2.2.1 эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау; 6.2.3.1 шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау) анықтау; 6.2.4.1 әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу;
		Бағалау және салыстыру	6.3.1.1 шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру; 6.3.2.1 кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беру; 6.3.3.1 шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу; 6.3.4.1 шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасау;
2-тоқсан			
Абайды оқы, таңырқа!	Абай Құнанбайұлы «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Ғылым таппай мақтанба», «Бірінші сөз», «Жетінші сөз», «Отыз бірінші сөз»	Түсіну және жауап беру	6.1.1.1 әдеби шығарманың жанры, фабуласы, сюжетін анықтау; 6.1.2.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру; 6.1.3.1 әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысынан сипаттау; 6.1.4.1 көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту;
		Анализ және интерпретация	6.2.1.1 шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау; 6.2.2.1 эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау; 6.2.3.1 шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау) анықтау; 6.2.4.1 әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу;
		Бағалау және салыстыру	6.3.2.1 кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беру; 6.3.3.2 шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу;
3-тоқсан			
Мен балаң жарық күнде сәуле қуған	С. Торайғыров «Шығамын тірі болсам адам болып», «Шәкірт ойы», С. Мұратбеков «Жусан иісі», О. Бөкей «Тортай мінер ақбозат», Қ. Әбдіқадыров «Қажымұқан»	Түсіну және жауап беру	6.1.1.1 әдеби шығарманың жанры, фабуласы, сюжетін анықтау; 6.1.2.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру; 6.1.3.1 әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысынан сипаттау; 6.1.4.1 көркем шығармалар дан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту;
		Анализ және интерпретация	6.2.1.1 шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау; 6.2.2.1 пикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау; 6.2.3.1 шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау) анықтау; 6.2.4.1 әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу;
		Бағалау және салыстыру	6.3.2.1 кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беру; 6.3.3.1 шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу; 6.3.4.1 шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасау;
4-тоқсан			
Тәуелсіздік-қасиет тұнған ұлы ұғым	Қ. Сарин «Тәуелсіздік», А. Алтай «Прописка», Р. Ғамзатов «Ана тілі», «Менің Дағыстаным»	Түсіну және жауап беру	6.1.1.1 әдеби шығарманың жанры, фабуласы, сюжетін анықтау; 6.1.2.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру; 6.1.3.1 әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысынан сипаттау; 6.1.4.1 көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту;
		Анализ және интерпретация	6.2.1.1 шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау; 6.2.2.1 эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау; 6.2.3.1 шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау) анықтау; 6.2.4.1 әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу;
		Бағалау және салыстыру	6.3.2.1 кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беру; 6.3.3.1 шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу;

3) 7-сынып:
3-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Бөлімдері	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
Көне күндерден жеткен жәдігерлер	«Қыз Жібек» жыры, Орхон-Енисей ескерткіштері, «Күлтегін» жыры, Жиембет жырау «Еңсегей бойлы Ер Есім», Қазтуған жырау «Қазтуғанның қонысымен қоштасуы»	Түсіну және жауап беру	7.1.1.1 әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау; 7.1.2.1 әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау; 7.1.3.1 көркем шығармада ғы кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау; 7.1.4.1 көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашып, үзінділерді жатқа айту;
		Анализ және интерпретация	7.2.1.1 шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салғастыру; 7.2.2.1 эпикалық, поэзиялық, драмалық шығарма дағы автор бейнесін анықтау; 7.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ) қолданысын талдау; 7.2.4.1 шығармадағы оқиға желісін өзіндік көзқарас тұрғысынан дамытып жазу;
		Бағалау және салыстыру	7.3.1.1 кейіпкерлердің іс-әрекеті мен автор берген портреттік мінездемені салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру; 7.3.4.1 әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы туралы шағын сыни шолу жазу;
2-тоқсан			
Толғауы тоқсан қызыл тіл	Ш. Қанайұлы «Зар заман», С. Аронұлы «Сүйінбайдың Қатағанмен айтысы», Ж. Жабаев «Июнь жарлығы»	Түсіну және жауап беру	7.1.1.1 әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау; 7.1.2.1 әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау; 7.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау; 7.1.4.1 көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашып, үзінділерді жатқа айту;
		Анализ және интерпретация	7.2.1.1 шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салғастыру; 7.2.2.1 эпикалық, поэзиялық, драмалық шығармадағы автор бейнесін анықтау; 7.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ) қолданысын талдау; 7.2.4.1 шығармадағы оқиға желісін өзіндік көзқарас тұрғысынан дамытып жазу;
		Бағалау және салыстыру	7.3.2.1 кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беру; 7.3.3.1 шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу;
3-тоқсан			
Балалар мен үлкендер	М. Жұмабаев «Батыр Баян», М. Әуезов «Көксерек», Қ. Қайсенов «Жау тылындағы бала» , С. Сарғасқаев «Тәмпіш қара»	Түсіну және жауап беру	7.1.1.1 әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау; 7.1.2.1 әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау; 7.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау; 7.1.4.1 көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашып, үзінділерді жатқа айту;
		Анализ және интерпретация	7.2.1.1 шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салғастыру; 7.2.2.1 эпикалық, поэзиялық, драмалық шығармадағы автор бейнесін анықтау; 7.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ) қолданысын талдау; 7.2.4.1 шығармадағы оқиға желісін өзіндік көзқарас тұрғысынан дамытып жазу;
		Бағалау және салыстыру	7.3.2.1 кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беру; 7.3.3.1 шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу; 7.3.4.1 шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасау;
4-тоқсан			
Ұрпақ тәрбиесі	М. Шаханов «Нарынқұм зауалы», М. Темірхан «Тәуелсізбін» өлеңі, Т. Әбдіков «Қонақтар», А.С. Пушкин «Ескерткіш»	Түсіну және жауап беру	7.1.1.1 әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау; 7.1.2.1 әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау; 7.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау; 7.1.4.1 көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашып, үзінділерді жатқа айту;
		Анализ және интерпретация	7.2.1.1 шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салғастыру; 7.2.2.1 эпикалық, поэзиялық, драмалық шығарма дағы автор бейнесін анықтау; 7.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ) қолданысын талдау; 7.2.4.1 шығармадағы оқиға желісін өзіндік көзқарас тұрғысынан дамытып жазу;
		Бағалау және салыстыру	7.3.3.1 шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу; 7.3.4.1 шығармада көтеріл ген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасау;

4) 8-сынып:
4-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Бөлімдер	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
Дананың сөзі-ақылдың көзі	Қорқыт «Байбөрі баласы Бамсы-Байрақ туралы жыр», Қорқыттың нақыл сөздері, Ахмет Иассауи «Даналық кітабы», Ақтамберді Сарыұлы «Күлдір-күлдір кісінетіп», «Балаларыма өсиет», Шалкиіз жырау «Би Темірге бірінші толғауы»	Түсіну және жауап беру	8.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтарды анықтау; 8.1.2.1 әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу; 8.1.3.1 көркем шығарма дағы кейіпкерлерді сомдау да тура және жанама мінездеулерді жіктеу; 8.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану;
		Анализ және интерпретация	8.2.1.1 композицияны тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдау; 8.2.2.1 автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдау; 8.2.3.1 шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау; 8.2.4.1 көркем шығарма дан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу;
		Бағалау және салыстыру	8.3.1.1 шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес басқа шығармалармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау; 8.3.2.1 шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру;
2-тоқсан			
Көркем әдебиет және эпикалық сарын	М. Мөңкеұлы «Үш қиян», «Сарыарқа», Ш. Құдайбердіұлы	Түсіну және жауап беру	8.1.1.1 әдеби шығарма ның жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтарды анықтау; 8.1.2.1 әдеби шығарма ның идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу; 8.1.3.1 көркем шығарма дағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктеу; 8.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану

(Жалғасы 14-бетте)

(Жалғасы. Басы 13-бетте)

	«Еңлік- Кебек» дастаны, «Жастарға» өлеңі	Анализ және интерпретация	8.2.1.1 композицияны тұтастан бөлшеккке, бөлшектен тұтасқа қарай талдау; 8.2.2.1 автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдау; 8.2.3.1 шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау. Көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу;
		Бағалау және салыстыру	8.3.2.1 шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру; 8.3.3.1 шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын гуманистік тұрғы дан талдап, әдеби эссе жазу; 8.3.4.1 шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазу;
3-тоқсан			
Махаббат және абырой	М. Дулатов «Бақытсыз Жамал» романы, Б. Момышұлы «Ұшқан ұя» әңгімесі, Д. Исабеков « Әпке» драмасы, М. Мақатаев «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы	Түсіну және жауап беру	8.1.1.1 әдеби шығарма ның жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтарды анықтау; 8.1.2.1 әдеби шығарма ның идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу; 8.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктеу; 8.1.4.1 көркем шығарма лардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану;
		Анализ және интерпретация	8.2.1.1 композицияны тұтастан бөлшеккке, бөлшектен тұтасқа қарай талдау; 8.2.2.1 автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдау; 8.2.3.1 шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау; 8.2.4.1 көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу;
		Бағалау және салыстыру	8.3.1.1 шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес басқа шығармалар мен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау; 8.3.2.1 шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру; 8.3.3.1 шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу; 8.3.4.1 шығарма бойынша жазылған әдеби сын –пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазу;
4-тоқсан			
Қиял мен шындық	Т. Ахтанов «Күй аңызы» әңгімесі, Ж. Сахиев «Айдағы жасырынбақ», «Дабыл» фантастикалық әңгімелері, Р. Мұқанова «Мәңгілік бала бейне»	Түсіну және жауап беру	8.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтарды анықтау; 8.1.2.1 әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу; 8.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктеу; 8.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану
		Анализ және интерпретация	8.2.1.1 композицияны тұтастан бөлшеккке, бөлшектен тұтасқа қарай талдау; 8.2.2.1 автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдау; 8.2.3.1 шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау; 8.2.4.1 көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу;
		Бағалау және салыстыру	8.3.2.1 әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу; 8.3.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктеу; 8.3.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану;

5) 9-сынып:
5-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Бөлімдер	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
Атадан қалған асыл сөз	Ж. Баласағұн «Құтты білік», Шешендік өнер: Майқы би мен Мөңке бидің шешендік сөздері, Әнет баба «Не арсыз, не ғайып, не даусыз...», Төле би «Ердің бақыты – әйел», Әйтеке би «Қасқакел дауы», Қазыбек би «Кім жақын, не қымбат, не қиын», Сырым Датұлы «Балаби мен Сырым», Бұқар жырау «Тілек», «Әй, Абылай, Абылай», «Асқар таудың өлгені», «Біржан-Сара» айтысы	Түсіну және жауап беру	9.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау; 9.1.2.1 әдеби шығармадағы психологизмді анықтау; 9.1.3.1 көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау; 9.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану;
		Анализ және интерпретация	9.2.1.1 эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау; 9.2.2.1 автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау; 9.2.3.1 шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру; 9.2.4.1 автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу;
		Бағалау және салыстыру	9.3.1.1 шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау; 9.3.2.1 шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру; 9.3.4.1 әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілері мен салыстыра талдап, шағын сын мақала жазу;
2-тоқсан			
Тарихи шындық пен көркемдік шешім	Нысанбай жырау «Кенесары – Наурызбай», Махамбет Өтемісұлы «Махамбеттің Баймағамбетке айтқаны», « Мен, мен, мен едім» , «Бағаналы терек» , Ш. Уәлиханов «Ыстықкөл күнделігі»	Түсіну және жауап беру	9.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау; 9.1.2.1 әдеби шығармадағы психологизмді анықтау; 9.1.3.1 көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау; 9.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану;
		Анализ және интерпретация	9.2.1.1 эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау; 9.2.2.1 автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау; 9.2.3.1 шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру; 9.2.4.1 автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу;
		Бағалау және салыстыру	9.3.2.1 шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру; 9.3.3.1 шығарманың идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу; 9.3.4.1 әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілері мен салыстыра талдап, шағын сын мақала жазу;
3-тоқсан			
Адам жанының құпиясы	І. Жансүгіров «Құлагер» поэмасы, Б. Майлин «Шұғаның белгісі» хикаят, Ғ. Мүсірепов «Ұлпан» романы, Т. Айбергенов «Сағыныш», Ф.Оңғарсынова «Өлең мен сені аялап өтем»	Түсіну және жауап беру	9.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау; 9.1.2.1 әдеби шығармадағы психологизмді анықтау; 9.1.3.1 көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау; 9.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану;
		Анализ және интерпретация	9.2.1.1 эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау; 9.2.2.1 автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау; 9.2.3.1 шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру; 9.2.4.1 автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу;
		Бағалау және салыстыру	9.3.1.1 шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау; 9.3.2.1 шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру; 9.3.3.1 шығарманың идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу; 9.3.4.1 әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, шағын сын мақала жазу;
4-тоқсан			
Мәңгілік ел- мәңгілік мұрат	Н. Айтұлы «Бәйтерек» поэмасы, Кнут Гамсун «Аштық» романы	Түсіну және жауап беру	9.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау; 9.1.2.1 әдеби шығармадағы психологизмді анықтау; 9.1.3.1 көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау; 9.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану;
		Анализ және интерпретация	9.2.1.1 эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау; 9.2.2.1 автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау; 9.2.3.1 шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру; 9.2.4.1 автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу;
		Бағалау және салыстыру	9.3.2.1 әдеби шығармадағы психологизмді анықтау; 9.3.3.1 көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау; 9.3.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану;

6) 10-сынып:
6-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Бөлімдер	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
9 сыныпта алған білімдерді қайталау	Ж. Баласағұн «Құтты білік», Шешендік өнер: Майқы би мен Мөңке бидің шешендік сөздері, Әнет баба «Не арсыз, не ғайып, не даусыз...», Төле би «Ердің бақыты –әйел», Әйтеке би «Қасқакел дауы», Қазыбек би «Кім жақын, не қымбат, не қиын», Сырым Датұлы «Балаби мен Сырым», Бұқар жырау «Тілек», «Әй, Абылай, Абылай», «Асқар таудың өлгені», «Біржан-Сара» айтысы	Түсіну және жауап беру	10.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау; 10.1.2.1 әдеби шығармадағы психологизмді анықтау; 10.1.3.1 көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау; 10.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану;
		Анализ және интерпретация	10.2.1.1 эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау; 10.2.2.1 автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау; 10.2.3.1 шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру; 10.2.4.1 автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу;
		Бағалау және салыстыру	10.3.1.1 шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау; 10.3.2.1 шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру; 10.3.4.1 әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, шағын сын мақала жазу;
2-тоқсан			
Тарихи шындық пен көркемдік шешім	Нысанбай жырау «Кенесары – Наурызбай», Махамбет Өтемісұлы «Махамбеттің Баймағамбетке айтқаны», « Мен, мен, мен едім» , «Бағаналы терек» , Ш.Уәлиханов «Ыстықкөл күнделігі»	Түсіну және жауап беру	10.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау; 10.1.2.1 әдеби шығармадағы психологизмді анықтау; 10.1.3.1 көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау; 10.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану;
		Анализ және интерпретация	10.2.1.1 эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау; 10.2.2.1 автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау; 10.2.3.1 шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру; 10.2.4.1 автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу;
		Бағалау және салыстыру	10.3.2.1 шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру; 10.3.3.1 шығарманың идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу; 10.3.4.1 әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, шағын сын мақала жазу;
3-тоқсан			
Адам жанының құпиясы	І. Жансүгіров «Құлагер» поэмасы, Б. Майлин «Шұғаның белгісі» хикаят, Ғ. Мүсірепов «Ұлпан» романы, Т. Айбергенов «Сағыныш», Ф. Оңғарсынова «Өлең мен сені аялап өтем»	Түсіну және жауап беру	10.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау; 10.1.2.1 әдеби шығармадағы психологизмді анықтау; 10.1.3.1 көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау; 10.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану;
		Анализ және интерпретация	10.2.1.1 эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау; 10.2.2.1 автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау; 10.2.3.1 шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру; 10.2.4.1 автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу;
		Бағалау және салыстыру	10.3.1.1 шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау; 10.3.2.1 шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру; 10.3.3.1 шығарманың идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу; 10.3.4.1 әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, шағын сын мақала жазу;
4-тоқсан			
Мәңгілік ел- мәңгілік мұрат	Н. Айтұлы «Бәйтерек» поэмасы, Кнут Гамсун «Аштық» романы	Түсіну және жауап беру	10.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау; 10.1.2.1 әдеби шығармадағы психологизмді анықтау; 10.1.3.1 көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау; 10.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану;
		Анализ және интерпретация	10.2.1.1 эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау; 10.2.2.1 автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау; 10.2.3.1 шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру; 10.2.4.1 автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу;
		Бағалау және салыстыру	10.3.2.1 әдеби шығармадағы психологизмді анықтау; 10.3.3.1 көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау; 10.3.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 20 қыркүйектегі № 469 бұйрығына 4-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына 444-қосымша

Есту қабілеті бұзылған (естімейтін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін «Орыс әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Есту қабілеті бұзылған (естімейтін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін «Орыс әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарламаның мақсаты – әдеби шығармаларды қабылдау және саралау арқылы адамның рухани құндылықтарының қалыптасуына ықпал жасау, білімдерін, қабілеттерін, дағдыларын жекелік таңдау негізінде әлем мен өзін-өзі тануға қолдана алатын білікті оқырман тәрбиелеу.

3. Оқытудың міндеттері:

1) қазақ, орыс және әлем әдебиеті мен мәдениеті негізінде әлеуметтік тұрғыда табысты бейімделуіне ықпал жасайтын білімдерді, қабілеттерді, дағдыларды қалыптастыру;

2) білім алушылар көркем әдебиет шығармаларының авторлық түпкі ойын терең түсінулері үшін, әдебиеттанушылық түсініктердің меңгерілуіне ықпал жасау;

3) шығарамаларды саралау негізінде сындық саралау, теңеу, қорыту, ұқсастық пен себептік-нәтижелік байланысты анықтау, құбылыстарды жіктеу, логикалық және сыни пайымдамалар мен пікірлерді құру дағдыларын қалыптастыру;

4) түрлі жанрдағы әдеби шығармаларды терең түсіну мен саралау негізінде коммуникативтік дағдыларды дамыту.

4. Бағдарламаның мазмұны заттық нәтижелерге қол жеткізуден басқа, түзеу міндеттерін жүзеге асыру бойынша жүйелік жұмыстарды қарастырады: есту, есту-көру қабылдауын дамыту; бейтарап және белсенді сөздігін өсіру; сөйлеуінде вербализмді болдырмау, тілдің семантикалық жағымен жұмыс; тілдің грамматикалық және фонетикалық құрылымының бұзылымдарын түзеу; дислексияны, дисграфияны және дизорфографияны болдырмау және жеңу.

2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

5. Тілді оқыту, оқытудың түзеу-дамытушылық және әлеуметтік-бейімдеушілік бағыты қағидаларының негізінде және жіктемелік, әрекеттік, коммуникативтік, құндылықты-бағдарлаушылық, дифференциалдық тәсілдер мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолдану негізінде жүзеге асырылады.

6. Оқытудың түзеу-дамытушылық бағыты, оның ерекше білімдік қажеттіліктері ескеріле отырып, оқу ісінің арнайы тәсілдері және әдістері арқылы жүзеге асырылады.

7. Әлеуметтік-бейімдеушілік бағыты тұлғаның әлеуметтік бейімделмеушілігін жеңу немесе азайтуды қарастырады. Білім алушылардың әлеуметтік өмірге қатысулары үшін қажетті тәртіп пен өмірлік нормаларының меңгерілуі бойынша арнайы жұмыстар қарастырылады.

8. Әрекеттік тәсіл қағидасы: оқыту барысында педагогтың басшылығымен заттық-практикалық, ізденушілік әрекеттер кең қолданылады, бұл оқу материалын түсінуге жағдайлар жасайды; заттық-практикалық әрекет жоғарғы психикалық функцияларының сенсомоторлық негізін дамытуға (қабылдауы, тілі, ойлау қабілеті), білім алушылардың өмірлік тәжірибесінің жеткіліксіздігінің орнын толықтыруға, жалпыбілімдік пәндер бойынша білімдер мен дағдыларды меңгерулеріне мүмкіндік береді.

9. Коммуникативтік тәсіл – ақпаратты беру және хабарлау, тілдік қатынас барысында білімдерімен, қабілеттерімен және дағдыларымен алмасу; тіл арқылы қатынас жасау қабілеттілігі оқыту нәтижесі болып табылады.

10. Оқытудың практикалық бағыты білім алушылардың оқыған материалы мен практикалық іс-әрекеті арасындағы тығыз байланысты, практикалық-бағдарлық міндеттерді шешуде бірінші кезекті мағынасы бар, білімдері мен қабілеттерінің қалыптасуын болжайды.

11. Білім алушыларға қарасты жіктемелік және жекелік тәсіл, олардың Бағдарлама мазмұнын меңгерудегі бірдей емес мүмкіндіктерін көрсететін ерекше білімдік қажеттіліктерінің ескерілуін, оқу материалын меңгеру барысында көрініс алатын және алған білімдерінің, дағдыларының, қабілеттерінің сапасына әсер ететін, вариативті типологиялық ерекшеліктерінің болуын болжайды. Әрбір типологиялық топ үшін педагог олардың мүмкіндіктеріне сәйкес, қолжетімді күрделілік пен көлемін ескере отырып, оқу материалының мазмұнын таңдап алады; оқу жұмысының қарқыны, білім алушылардың дербестігі, оқыту тәсілдері мен әдістері түрлендіріледі. Білім алушылардың топтарға бөлінуі шартты және қозғалмалы. Жіктемелі тәсіл оқытудың жекеленуімен толықтырылады.

12. Ақпараттық коммуникативтік біліктілігін қалыптастыру мақсатында білім алушылар түрлі дереккөздік ақпараты бар әртүрлі жұмыстарды, соның ішінде инновациялық коммуникациялық технологияларды қарастырады (оқытын машиналар, сөздіктер, анықтамалар, бұқаралық ақпарат құралдары, ғаламтор, компьютер).

13. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірінің түрлі аспектілерін қамтитын, түрлі үлгідегі және жанрдағы мәтіндер қолданылады, бұл білім алушылардың орфографиялық, пунктуациялық, стилистикалық сауаттылық деңгейін, сондай-ақ тілдік мәдениет деңгейін көтеруге, саралау дағдыларын жаттықтыруға және тілдің түрлі жанрдағы, стильдегі байланысты сөйлемдерді меңгерулеріне мүмкіндік береді.

14. Мәтіндік материалды таңдау барысында этномәдени компонентін ескере отырып, білім мазмұнының тәрбиелік компонентін күшейту қарастырылады (орыс әдебиетінің, орыс әдебиетінің ұлттық-мәдени ерекшеліктері жөнінде, біздің еліміздің аумағында тұратын басқа халықтар мәдениеті жөнінде мәліметтер).

15. Мәтіндер мазмұны білім алушылардың рухани-адамгершіліктік қасиеттері мен қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға және өмірде жалпыұлттық «Мәңгілік Ел» идеясын іске асыруға, этникааралық және мәдениаралық коммуникация жағдайында төзімділік пен қатынасты дамытуға бағытталады.

16. Сабақтарды ұйымдастыру және өткізу барысында педагог бірқатар ерекше және жалпы әдістемелік талаптарға сүйенеді:

1) үздіксіз түзеу және дефицитарлық функцияларын дамыту (сенсорлық, моторлық, психикалық);

2) кеңістіктік ұғымдарды, коммуникативтік әрекеттерді, сезіну мен ұсақ моториканы, есту, көру және тактильдік қабылдауды дамыту;

3) меңгерген компенсаторлық тәсілдерін, қабілеттері мен дағдыларын, қалпына келтірілген және түзетілген функцияларын түрлі оқу процесі барысында, сабақта және сабақтан тыс кезде, айналасындағылармен қатынас жасау кезінде белсенді түрде қолдану мүмкіндігін қамтамасыз ету;

4) әлеуметтік құзіретін белсендету және өз бетінше жұмыс жасау дағдыларын, танымдық белсенділік пен танымдық қызығушылығын, тұлғаның эмоциялық-еріктік саласы мен оң қасиеттерін дамыту.

		Жазылым	9.4.1.1 мұғалімнің көмегімен ауызекі сөйлеу және көркемдік стилі элементтерін қолдану арқылы мәтін жазу; 9.4.2.1 мұғалімнің көмегімен немесе өздігінен бейнеақпарат пен мәтіннің бөлігінің мазмұнын жеткізу;
		Тілдік бағдар	9.5.1.1 зат есім, сын есімдердің түрлерін қолдана білу; 9.5.1.2 мұғалімнің көмегімен еліктеу сөздерді ауызша және жазбаша жұмыстарда орынды қолдану; 9.5.2.1 жазба жұмыстарында себеп-салдар, талғаулы, кезектес салалас құрмалас сөйлемдерді құрастыру

6) 10- сынып:
6-кесте

Тақырыптар	Көркем шығармалар	Коммуникативтік дағдылар	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
Алаш идеясы мен қайраткерлері	Ж. Аймауытов «Қартқожа».	Тыңдалым	10.1.1.1 ұжымдық немесе жеке дыбыс күшейткіш аппарат арқылы естіп, естіп-көру арқылы қарапайым, нақты, қысқа хабарламаларды түсініп, қайталап, бекіту барысын анықтау; 10.1.4.1 визуалды материалда болып жатқан оқиғаны түсініп, суреттеу, мәтіннің мазмұнына сүйене отырып, негізгі ойды анықтау;
		Айтылым	10.2.1.1 сөйлегенде сөз және сөзтіркестерін тіректік синтаксистік құрылымына пайдалану; 10.2.2.1 мазмұны мағыналас мәтін бойынша қысқаша, толық ойларын білдіру; 10.2.3.1 тірек синтаксистік нормаларын сақтай отырып орындау;
		Оқылым	10.3.1.1 мәтіннің тақырыбы мен мақсатын анықтай отырып негізгі ақпаратын түсіну; 10.3.5.1 алынған ақпаратпен салыстыра отырып, түрлі саладан сұрақтар қою арқылы қажетті мәлімет алу;
		Жазылым	10.4.1.1 мұғалімнің көмегімен ресми-іскери стилінің элементтерін қолданып мәтін құру; 10.4.4.1 мұғалімнің көмегімен дауысты және дауыссыз дыбыстарды сөздің әр бөлігінде дұрыс жаза білу;
		Тілдік бағдар	10.5.1.1 мұғалімнің көмегімен зат есім және сын есімді сөйлемдерде қолдана білу; 10.5.2.1 мұғалімнің көмегімен етістікті қолдану; 10.5.1.4 мұғалімнің көмегімен еліктеу сөздерді ауызша және жазбаша жұмыстарда қолдана білу; 10.5.1.1 өздік, өзгелік, ортақ және ырықсыз етістің қызметін білу, ауызша және жазбаша жұмыстарда орынды қолдану; 10.5.2.1 жазба жұмыстарында сабақтас құрмалас сөйлемдерді (шартты, қарсылықты, мезгіл, себеп, қимыл-сын, мақсат бағыныңқы) құрастыру;
2-тоқсан			
Жаһандық мәселе: демография	Абай Құнанбайұлы «Адамның кейбір кездері».	Тыңдалым	10.1.3.1 әлеуметтік-қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну; 10.1.4.1 визуалды материалда болып жатқан оқиғаны түсініп, суреттеу, мәтіннің мазмұнына сүйене отырып, негізгі ойды анықтау;
		Айтылым	10.2.1.1 сөйлегенде сөз және сөзтіркестерін тіректік синтаксистік құрылымына пайдалану 10.2.6.1 диаграммалар, сызбалар, кестелер бойынша ақпарат, кейіпкер мен оқиғалар бойынша бағалау пікірін білдіру;
		Оқылым	10.3.1.1 мәтіннің тақырыбы мен мақсатын анықтай отырып негізгі ақпаратын түсіну; 10.3.3.1 кейіпке бөлініп оқу әдісін меңгеру (кіріспе, ой-пікір); 10.3.4.1 негізгі сөздер көмегімен күрделі жоспар құру; 10.3.5.1 алынған ақпаратпен салыстыра отырып, түрлі саладан сұрақтар қою арқылы қажетті мәлімет алу;
		Жазылым	10.4.1.1 мұғалімнің көмегімен ресми-іскери стильдің элементтерін қолданып, мәтін құру; 10.4.4.1 мұғалімнің көмегімен дауысты/дауыссыз дыбыстарды сөздің әр бөлігінде дұрыс жаза білу;
		Тілдік бағдар	10.5.1.3 ыңғайластық және қарсылықтық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу, ауызша және жазбаша жұмыстарда орынды қолдану; 10.5.2.1 жазба жұмыстарында сабақтас құрмалас сөйлемдерді (шартты, қарсылықты, мезгіл, себеп, қимыл-сын, мақсат бағыныңқы) құрастыру;
Ғаламтормен дұрыс жұмыс жасау – мәдениет	Жюль Верн «Әлемді сексен күн ішінде шарлау» романы (үзінді).	Тыңдалым	10.1.3.1 әлеуметтік-қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну; 10.1.4.1 визуалды материалда болып жатқан оқиғаны түсініп, суреттеу, мәтіннің мазмұнына сүйене отырып, негізгі ойды анықтау;
		Айтылым	10.2.1.1 сөйлегенде сөз және сөзтіркестерін тіректік синтаксистік құрылымына пайдалану. 10.2.6.1 диаграммалар, сызбалар, кестелер бойынша ақпарат, кейіпкер, оқиғалар бойынша бағалау пікірін білдіру;
		Оқылым	10.3.1.1 мәтіннің тақырыбы мен мақсатын анықтай отырып негізгі ақпаратын түсіну; 10.3.3.1 кейіпке бөлініп оқу әдісін (кіріспе, ой-пікір) меңгеру; 10.3.4.1 негізгі сөздер көмегімен күрделі жоспар құру; 10.3.5.1 алынған ақпаратпен салыстыра отырып, түрлі саладан сұрақтар қою арқылы қажетті мәлімет алу;
		Жазылым	10.4.1.1 мұғалімнің көмегімен ресми-іскери стильдің элементтерін қолданып мәтін құру; 10.4.4.1 мұғалімнің көмегімен дауысты/дауыссыз дыбыстарды сөздің әр бөлігінде дұрыс жаза білу;
		Тілдік бағдар	10.5.1.3 ыңғайластық қатынасты білдіретін және қарсылықтық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу, ауызша және жазбаша жұмыстарда орынды қолдану; 10.5.2.1 жазба жұмыстарында сабақтас құрмалас сөйлемдерді (шартты, қарсылықты, мезгіл, себеп, қимыл-сын, мақсат бағыныңқы) құрастыру;
3-тоқсан			
Роботтар мен киборгтар әлемі	Айзек Азимов «Мен –роботпын» жинағынан үзінді.	Тыңдалым	10.1.1.1 ұжымдық немесе жеке дыбыс күшейткіш аппарат арқылы естіп, естіп-көру арқылы қарапайым, нақты, қысқа хабарламаларды түсініп, қайталап, бекіту және барысын анықтау; 10.1.4.1 визуалды материалда болып жатқан оқиғаны түсініп, суреттеу, мәтіннің мазмұнына сүйене отырып, негізгі ойды анықтау;
		Айтылым	10.2.1.1 сөйлегенде сөз және сөзтіркестерін тіректік синтаксистік құрылымына пайдалану. 10.2.5.1 сюжетті кесте, сызбалар қолдану арқылы суреттеу; 10.2.6.1 диаграммалар, сызбалар, кестелер бойынша ақпарат, кейіпкер, оқиғалар бойынша бағалау пікірін білдіру;
		Оқылым	10.3.1.1 мәтіннің тақырыбы мен мақсатын анықтай отырып негізгі ақпаратын түсіну; 10.3.5.1 алынған ақпаратпен салыстыра отырып, түрлі саладан сұрақтар қою арқылы қажетті мәлімет алу;
		Жазылым	10.4.1.1 мұғалімнің көмегімен ресми-іскери стильдің элементтерін қолданып мәтін құру; 10.4.4.1 мұғалімнің көмегімен дауысты/дауыссыз дыбыстарды сөздің әр бөлігінде дұрыс жаза білу;
		Тілдік бағдар	10.5.1.1 мұғалімнің көмегімен зат есімді және сын есімді сөйлемдерде қолдана білу; 10.5.1.3 болжалдық және бөлшектік сан есімдерді ауызша және жазбаша жұмыстарда қолдана білу; 10.5.1.3 ыңғайластық қатынасты білдіретін және қарсылықтық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу, ауызша және жазбаша жұмыстарда орынды қолдану; 10.5.2.1 жазба жұмыстарында сабақтас құрмалас сөйлемдерді (шартты, қарсылықты, мезгіл, себеп, қимыл-сын, мақсат бағыныңқы) құрастыру;
Ежелгі көшпелілер мәдениеті	Тұмар ханшайым туралы аңыз.	Тыңдалым	10.1.4.1 визуалды материалда болып жатқан оқиғаны түсініп, суреттеу, мәтіннің мазмұнына сүйене отырып, негізгі ойды анықтау;
		Айтылым	10.2.4.1 негізгі сөздерге және жоспарға сүйене отырып оқиға, әңгімелерді айтып беру; 10.2.5.1 сюжетті кесте, сызбалар қолдану арқылы суреттеу; 10.2.6.1 диаграммалар, сызбалар, кестелер бойынша ақпарат, кейіпкер, оқиғалар бойынша бағалау пікірін білдіру;
		Оқылым	10.3.1.1 мәтіннің тақырыбы мен мақсатын анықтай отырып негізгі ақпаратын түсіну; 10.3.4.1 негізгі сөздердің көмегімен күрделі жоспар құру; 10.3.5.1 алынған ақпаратпен салыстыра отырып, түрлі саладан сұрақтар қою арқылы қажетті мәлімет алу;
		Жазылым	10.4.1.1 мұғалімнің көмегімен ресми-іскери стильдің элементтерін қолданып мәтін құру; 10.4.4.1 мұғалімнің көмегімен дауысты/дауыссыз дыбыстарды сөздің әр болігінде дұрыс жаза білу;
		Тілдік бағдар	10.5.1.1 мұғалімнің көмегімен зат есімді және сын есімді сөйлемдерде қолдана білу; 10.5.2.1 мұғалімнің көмегімен етістікті қолдану; 10.5.1.1 өздік, өзгелік, ортақ және ырықсыз етістің қызметін білу, ауызша және жазбаша жұмыстарда орынды қолдану; 10.5.1.2 мекен және мезгіл үстеулерді ауызша және жазбаша жұмыстарда орынды қолдану; 10.5.2.1 жазба жұмыстарында сабақтас құрмалас сөйлемдерді (шартты, қарсылықты, мезгіл, себеп, қимыл-сын, мақсат бағыныңқы) құрастыру;
4-тоқсан			
Қазақстандағы туризм және экотуризм	І. Жансүгіров «Жетісу суреттері».	Тыңдалым	10.1.4.1 визуалды материалда болып жатқан оқиғаны түсініп, суреттеу, мәтіннің мазмұнына сүйене отырып, негізгі ойды анықтау;
		Айтылым	10.2.4.1 негізгі сөздерге және жоспарға сүйене отырып оқиға, әңгімелерді айтып беру; 10.2.5.1 сюжетті кесте, сызбалар қолдану арқылы суреттеу; 10.2.6.1 диаграммалар, сызбалар, кестелер бойынша ақпарат, кейіпкер, оқиғалар бойынша бағалау пікірін білдіру;
		Оқылым	10.3.1.1 мәтіннің тақырыбы мен мақсатын анықтай отырып негізгі ақпаратын түсіну; 10.3.4.1 негізгі сөздер көмегімен күрделі жоспар құру; 10.3.5.1 алынған ақпаратпен салыстыра отырып,түрлі саладан сұрақтар қою арқылы қажетті мәлімет алу;
		Жазылым	10.4.1.1 мұғалімнің көмегімен ресми-іскери стильдің элементтерін қолданып мәтін құру; 10.4.4.1 мұғалімнің көмегімен дауысты/дауыссыз дыбыстарды сөздің әр бөлігінде дұрыс жаза білу;
		Тілдік бағдар	10.5.1.1 мұғалімнің көмегімен зат есімді және сын есімді сөйлемдерде қолдана білу; 10.5.2.1 мұғалімнің көмегімен етістікті қолдану; 10.5.1.1 өздік, өзгелік, ортақ және ырықсыз етістің қызметін білу, ауызша және жазбаша жұмыстарда орынды қолдану; 10.5.1.2 мекен және мезгіл үстеулерді ауызша және жазбаша жұмыстарда орынды қолдану; 10.5.2.1 жазба жұмыстарында сабақтас құрмалас сөйлемдерді (шартты, қарсылықты, мезгіл, себеп, қимыл-сын, мақсат бағыныңқы) құрастыру

(Жалғасы 24-бетте)

(Жалғасы. Басы 13-23-беттерде)

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 20 қыркүйектегі №469 бұйрығына 7-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына 447-қосымша

Есту қабілеті бұзылған (естімейтін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-7 сыныптары үшін «Математика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Есту қабілеті бұзылған (естімейтін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-7 сыныптары үшін «Математика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Оқу пәнінің мақсаты мазмұнын сапалы игеруді қамтамасыз ету, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, сонымен қатар оқу пәндерімен кіріктіре отырып, жалпы адами құндылықтар негізінде және ұлттық мәдениеттің озық салт-дәстүрлері арқылы білім алушылардың зияткерлік деңгейін дамыту.

3. Оқыту міндеттері:

1) Бағдарламаның «Сандар», «Алгебра», «Геометрия», «Статистика және ықтималдылық теориясы», «Математикалық үлгілеу және анализ» бөлімдері бойынша математикалық білім, дағдылар мен икемдерді игеру;

2) әртүрлі контекстегі есептерді шешуде математикалық тілді және негізгі математикалық заңдарды қолдануға, санды қатынастар мен кеңістіктік формаларды оқып білуді игеру;

3) есептерді шешу мақсатында білім алушылардың білімдерін математикалық модельдерді құруға және керісінше, шынайы процестерді сипаттайтын математикалық модельдерді түсіндіруге бағыттау;

4) физика, химия, биология бойынша және теориялық сала мен практикалық әрекетте есептерді зерттеу және шығару үшін математикалық әдістерді қоланудың қарапайым дағдылары;

5) практикалық мәселелелерді шешуде, алынған нәтижелерді бағалау және олардың дұрыстығын анықтауда математикалық әдістерді таңдай алу;

6) өздігінен топта жұмыс істеу үшін жеке тұлғалық қасиеттерді дамыту;

7) математиканың даму, математикалық терминдердің пайда болу тарихымен таныстыру;

8) математика оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдыларын дамыту;

9) коммуникативті дағдыларды дамыту: ақпаратты нақты және сауатты жеткізу, әр түрлі дереккөздерден, соның ішінде басылымдар мен электронды құралдардан алынған ақпаратты пайдалану, түрлі синтаксистік құрылымдарды, байланыстырып сөйлеуді меңгеру; сөйлеу тілдік дағдыларды дамыту.

2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

4. Естімейтін білім алушыларды оқытуда психофизикалық, есту-сөйлеу ерекшеліктері мен танымдық мүмкіндіктерін, жеке ерекшеліктері ескеріледі.

5. Естімейтін білім алушыларды математикаға оқытудың негізгі принциптері: жеке ыңғай жасау, көрнекілік, оқытудың коммуникативтілігі.

6. Оқу процесіне бейнелік ойлауа негізделген формалар, әдістер, құралдарды енгізу математикалық дайындық деңгейінің одан әрі артуына, логикалық ойлау мен белсенді сөйлеудің, ұйымдастырушылық біліктер мен өздігінен жұмыс жасау дағдыларының дамуына ықпал етеді:

1) оқытудың түзетушілік бағыты (дыбыс күшейткіш аппаратура қолдана отырып есту арқылы қабылдауды дамыту, жеке жағдайларда ым-ишарат және дактиль тілін қолдану, тереңдетілген сөздік жұмыс);

2) әдістемелік тәсілдерді ерекшелікке байланысты таңдау;

3) коммуникация, математикалық сөйлеу дағдыларын дамыту;

4) ақпараттық қолдаудың арнайы бағдарламаларын және дыбыс күшейткіш аппаратурасын қолдану.

7. Математика сабақтарын жоспарлауда қалыптастырылып жатқан түсінік немесе білік сипаты ескеріледі, естімейтін білім алушылардағы нақты білім деңгейі әр кезеңде назарға алынады, бағдарламаны меңгеруін бақылау қарастырылады.

8. Әр сабақтың міндетті элементтері тақырыбы, мақсаттардың қойылуы, сабақ жоспарын жазу және хабарлау, негізгі түсініктер мен оларды меңгеру әдістерін белгілеу, әрекет түрлерін және материалды меңгеруін тексеру әдістері, сөздік жұмыс болып табылады.

9. Математика сабақтары өткен тақырып бойынша білім қайталаудан басталады: білім алушылар өткен тақырып бойынша негізгі анықтамаларды, түсініктерді еске түсіреді немесе тапсырмалар мен жаттығулар жасайды; жаңа тақырыппен таныстыру терминдерді енгізуден басталады; сабақ соңында сұрақтар, теориялық немесе практикалық жаттығулар.

10. Математиканы оқытудың тиімділігін арттыру жолдары:

1) оқу әрекеті дағдыларын, өз өзін бақылау қажеттілігі мен оны жүзеге асыру біліктерін қалыптастыру;

2) оқу әрекетін жекелендіру, математикалық білім, білік деңгейін, әрбір білім алушының математикалық ойлау мен сөйлеуін дамытуды тұрақты түрде есепке алу;

3) мәселелік оқыту элементтерін қолдану;

4) ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы көрнекіліктің жеткілікті деңгейін қамтамасыз ету;

5) оқу материалдарының коммуникативтілігін, білім алушылардың белсенді сөйлеуін дамытуды қамтамасыз ету;

6) математикаға оқыту процесінде ауызша сөйлеуін дамыту (математикалық сөйлеу тілі);

7) бір ойды тану және әр түрлі формада жеткізе алу қабілетін дамыту;

8) сөздік белгілік және графикалық тіл арқылы математикалық сөйлеуде ойды әр түрі жеткізу білігін дамыту;

9) жаңа материалды меңгеруде бағдарлық негіз ретінде алгоритмдерді қолдану, алгоритмдерді орындауда мазмұндық негізді қамтамасыз ету;

10) ым-ишарат тілі мен дактилологияны қолдану;

11) әр түрлі жағдайларда математикалық білімді қолдану кезінде коммуникативті кедергілерді еңсеру;

12) математикалық білімді өмірде өздігінен қолдану қабілетін дамыту.

11. Бағдарламаны іске асыру процесінде инварианттық компоненттің оқу пәндері мен түзету компонетінің және факультатив сабақтарымен пәнаралық байланыс жүзеге асырылады: «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дыбыс айтуын қалыптастыру мен есту арқылы қабылдауын дамыту», «Ауызекі сөйлеу тілі», «Ым-ишарат тілі».

12. Бағдарламаны іске асыруда сыныптар келесі жабдықтармен:

1) топтық оқу әрекетін қамтамасыз ету үшін қондырмалы дыбыс күшейткіш жабдықпен (әр сыныпқа), дыбыстарды айту экранымен;

2) мультимедиялық компьютерлік сыныппен;

3) жеке есту аппараттарымен;

4) барлық білім алушыларға оқу жылына арналған оқу құралдарымен жарақтандырылады.

13. Мектепте жабдықталған оқу залы және кітап қоймасы, медитекасы, жұмыс аймақтары бар ақпараттық-кітапханалық қор қарастырылғаны жөн.

14. Білім алушылар мен педагогтер үшін Интернет желісіндегі ақпараттық-білім беру ресурстарына шектусіз қолжетімділікті қамтамасыз ету.

3-тарау. «Математика» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

15. «Математика» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5- сыныпта – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағатты;

2) 6- сыныпта – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағатты;

3) 7- сыныпта – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағатты құрайды.

16. Оқу пәнінің білім мазмұны бөлімдерге бөлінген. Бұл бөлімдер күтілетін нәтижелер (біліктер немесе дағдылар, білім немесе түсініктер) түрінде берілген сыныптар бойынша оқыту мақсаттарын қамтитын бөлімшелерді қарастырады.

17. «Математика» оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

1) 1-бөлім «Сандар»;

2) 2-бөлім «Алгебра»;

3) 3-бөлім «Геометрия»;

4) 4-бөлім «Статистика және ықтималдықтар теориясы»;

5) 5-бөлім «Математикалық модельдеу және анализ».

18. «Сандар» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) сандар және шамалар туралы түсініктер;

2) сандарға амалдар қолдану.

19. «Алгебра» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) алгебралық өрнектер және оларды түрлендіру;

2) теңдеулер және теңсіздіктер, олардың жүйелері және жиынтықтары;

3) тізбектер және олардың қосындысы.

20. «Геометрия» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) геометриялық фигуралар туралы түсінік;

2) геометриялық фигуралардың өзара орналасуы;

3) метрикалық қатыстар; векторлар және түрлендірулер.

21. «Статистика және ықтималдықтар теориясы» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) жиындар теориясы және логика элементтері;

2) комбинаторика негіздері;

3) статистика және деректерді талдау.

22. «Математикалық модельдеу және анализ» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) математикалық модельдеудің көмегімен есептер шығару;

2) математикалық тіл және математикалық модель.

23. 5-сыныпқа арналған «Математика» пәнінің базалық мазмұны:

1) натурал сандар және нөл. Натурал сандар және нөл саны. Координаталық сәуле. Натурал сандарды салыстыру. Қос теңсіздік. Натурал сандарды қосу. Натурал сандарды азайту. Натурал сандарды көбейту. Натурал сандарды бөлу. Арифметикалық амалдардың қасиеттері. Натурал сандарға арифметикалық амалдар қолдану. Санды өрнектер. Әріпті өрнектер. Санды және әріпті өрнектердің мәндері. Өрнектерді ықшамдау. Теңдеу. Теңдеудің түбірі. Тендеудің көмегімен мәтінді есептерді шығару. Формула. Формула арқылы есептеу. Натурал сандардан тұратын сандар тізбектері;

2) натурал сандардың бөлінгіштігі. Натурал сандардың бөлгіші мен еселігі. Қарапайымжәне құрама сандар. Бөлінгіштіктің негізгі қасиеттері. 2; 3; 5; 9; 10 сандарына бөлінгіштікбелгілері. Жұп және тақ сандар. Дәреже. Дәреженің негізі. Дәреженің көрсеткіші. Натурал сандарды қарапайымкөбейткіштерге жіктеу. Ең үлкен ортақ бөлгіш. Өзара қарапайымсаңдар. Ең кіші ортақ еселік;

3) қарапайым бөлшектер және оларға амалдар қолдану. Қарапайым бөлшектерді оқу және жазу. Қарапайым бөлшектің негізгі қасиеті. Дұрыс және бұрыс қарапайымбөлшектер. Аралас сан. Аралас санның бүтін және бөлшек бөліктері. Бұрыс бөлшекті аралас санға айналдыру. Аралас санды бұрыс бөлшек түрінде жазу. Қарапайым бөлшектер мен аралас сандарды координаталық сәуледе кескіндеу. Қарапайым бөлшектерді ортақ бөлімге келтіру. Қарапайым бөлшектерді және аралас сандарды салыстыру. Қарапайым бөлшектерді косу және азайту. Аралас сандарды қосу. Аралас сандарды азайту. Қарапайым бөлшектерді және аралас сандарды көбейту. Өзара кері сандар. Қарапайым бөлшектерді және аралас сандарды бөлу. Қарапайым бөлшектер мен аралас сандарға арифметикалық амалдар колдану. Санның бөлігін және бөлігі бойынша санды табу. Бірлесіп орындалатын жұмыстарға қатысты есептер;

4) ондық бөлшектер және оларға амалдар қолдану. Ондық бөлшек. Ондық бөлшектерді оқу және жазу. Ондық бөлшекті қарапайымбөлшекке айналдыру. Ондық бөлшектерді координаталық сәуледе кескіндеу. Ондық бөлшектерді салыстыру. Ондық бөлшектерді қосу және азайту. Ондық бөлшекті натурал санға көбейту. Ондық бөлшектерді көбейту. Ондық бөлшекті натурал санға бөлу. Ондық бөлшекті ондық бөлшекке бөлу. Ондық бөлшекті 10; 100; 1000 және 0,1; 0,01; 0,001 сандарына көбейту және бөлу. Ондық және қарапайымбөлшектерге арифметикалық амалдар қолдану. Ондық бөлшектерді дөңгелектеу. Бөлшектерден тұратын сандар тізбектері;

5) 5-сыныптағы математика курсын қайталау.

24. 6-сыныпқа арналған «Математика» пәнінің базалық мазмұны:

1) 5-сыныптағы математика курсын қайталау;

2) жиын. Жиын элементтері. Жиынды кескіндеу. Жиындар арасындағы қатынас. Жиындарды бірігуі мен қиылысуы;

3) пайыз. Санның пайызын және пайызы бойынша санды табуды пропорция арқылы шығару. Мәтінді есептерді шығару;

4) бұрыштар. Көпбұрыштар. Бұрыш. Бұрыштың көлемі. Бұрышты салу және өлшеу. Транспортир. Бұрыштарды салыстыру. Көпбұрыш. Көпбұрыштың бұрыштары мен қабырғаларын өлшеу, оның периметрін табу;

5) диаграммалар. Шеңбер. Дөңгелек. Дөңгелек сектор. Диаграмма. Диаграмма түрлері: сызықтық және дөңгелектік. Статистикалық деректерді көрсету тәсілдері;

6) кеңістіктегі фигуралардың жазбасы. Тік бұрышты параллелепипед (текше). Тік бұрышты параллелепипедті (текше) жазу. Фигураларды қиюға берілген есептер. Фигураларды құрастыруға берілген есептер;

7) қатынас және пропорция. Екі санның қатынасы. Екі санның пайыздық қатынасы. Пропорция. Пропорцияның негізгі қасиеті. Тура пропорционалдық тәуелділік. Кері пропорционалдық тәуелділік. Мәтінді есептерді пропорция көмегімен шығару. «Пайыз». Санның пайызын және пайызы бойынша санды табуды пропорция арқылы шығару. Ауқым. Шеңбердің ұзындығы. Дөңгелектің ауданы. Шар. Сфера;

8) рационал сандар және оларға амалдар қолдану. Оң сандар. Теріс сандар. Координаталық түзу. Қарама-карсы сандар. Бүтін сандар. «Рационал сандар». Санның модулі. Рационал сандарды салыстыру. Рационал сандарды координаталық түзудің көмегімен қосу. Теріс рационал сандарды қосу. Таңбалары әртүрлі рационал сандарды қосу. Рационал сандарды азайту. Координаталық түзуде нүктелердің арақашықтығы. Рационал сандарды көбейту. Рационал сандарды қосу мен көбейтудің ауыстырымдылық және терімділік қасиеттері. Рационал сандарды бөлу. Рационал санды шексіз периодты ондық бөлшек түрінде беру. Шексіз периодты ондық бөлшекті қарапайымбөлшекке айналдыру. Рационал сандарға арифметикалық амалдар қолдану. Мәтінді есептерді шығару;

9) 6-сыныптағы математика курсын қайталау.

25. 7-сыныпқа арналған «Математика» пәнінің базалық мазмұны:

1) 6-сыныптағы математика курсын қайталау;

2) алгебралық өрнектер. Айнымалы. Айнымалысы бар өрнектер. жақшаларды ашу. Коэффициент. Ұқсас қосылғыштар. Тепе-тең өрнектерді түрлендіру. Тепе-теңдік. Алгебралық өрнектерді түрлендіру.

3) бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулер. Санды теңдіктер және олардың қасиеттері. Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу. Мәндес теңдеулер. Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулерді шешу. Айнымалы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу. Мәтінді есептерді шығару;

4) бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер және олардың жүйелері. Санды теңсіздіктер және олардың қасиеттері. Сан аралықтары. Санаралықтарының бірігуі мен қиылысуы. Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздік. Мәндес теңсіздіктер. Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктерді шешу. Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесі. Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесін шешу. Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздік. Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктерді шешу;

5) координаталық жазықтық. Жазықтық. Перпендикуляр түзулер және кесінділер. Параллель түзулер мен кесінділер. Координаталық жазықтық. Тікбұрышты координаталар жүйесі. Центрлік симметрия. Остік симметрия;

6) кеңістіктегі фигуралар. Фигуралардың кеңістікте орналасуы. Кеңістік фигураларын кескіндеу, «көрінбейтін» сызықтар. Вектор ұғымы;

7) статистика. Комбинаторика. Статистикалық деректер және олардың сипаттамалары: арифметикалық орта, мода, медиана, құлаш. Қозғалыстың орташа жылдамдығын табуға есептер шығару. Іріктеу тәсілі арқылы комбинаторикалық есептер шығару;

8) шамалар арасындағы тәуелділіктер. Шамалар арасындағы тәуелділіктерді беру тәсілдері: аналитикалық (формула арқылы), кестелік, графиктік тәсіл. Нақты процестердің графиктерін қолданып шамалар арасындағы тәуелділіктерді зерттеу. Тура пропорционалдық және оның графигі;

9) екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер мен олардың жүйелері. Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеу және оның графигі. Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйелері. Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін қосу тәсілімен және алмастыру тәсілімен шешу. Мәтінді есептерді екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйелері арқылы шығару;

10) 7-сыныптағы математика курсын қайталау.

26. Бағдарламаны іске асыру процесінде келесідей түзету жұмысы жүргізіледі:

1) дыбыс күшейткіш аппаратура көмегімен пәндік ақпаратты есту-көру және есту арқылы қабылдауды дамыту;

2) бір ойды тану және әр түрлі формада жеткізе алу қабілетін дамыту;

3) математикалық білім мен білікті күнделікті өмірде өздігінен қолдану бойынша жаттығулар.

4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

27. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан – сыныпты, екінші және үшінші сандар – бөлім мен бөлімшені, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 6.2.1.4. кодында: «6» - сынып, «2.1» - бөлімше, «4» - оқыту мақсатының реттік нөмірі.

28. Оқыту мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

1) 1 бөлім «Сандар»:

1- есте

Бөлім-шелер	Оқыту мақсаттары		
	5 - сынып	6 - сынып	7 - сынып
1.1 Сандар және шамалар туралы түсініктер	5.1.1.1 натурал сандар жиыны ұғымын меңгеру; 5.1.1.2 тақ және жұп сандар ұғымдарын меңгеру; 5.1.1.3 натурал сан дәрежесінің анықтамасын білу; 5.1.1.4 натурал санды ондық жазылу түрінде көрсету; 5.1.1.5 натурал санның бөлгіштігі мен еселігі анықтамаларын білу; 5.1.1.6 қарапайымжәне құрама сандардың анықтамаларын білу; 5.1.1.7 ең үлкен ортақ бөлгіш, ең кіші ортақ еселік ұғымдарының анықтамаларын білу; 5.1.1.8 өзара қарапайымсандардың анықтамасын білу; 5.1.1.9 қарапайым бөлшек ұғымын меңгеру; 5.1.1.10 дұрыс және бұрыс бөлшектерді ажырату; 5.1.1.11 аралас сан анықтамасын білу; 5.1.1.12 өзара кері сандар анықтамасын білу; 5.1.1.13 ондық бөлшек ұғымын меңгеру; 5.1.1.14 ондық бөлшек түрінде жазылған сандардың теңдігін түсіну, мысалы, 1,3 және 1,30; 5.1.1.15 санның жуық мәні ұғымын меңгеру.	6.1.1.1 пайыз түсінігін игеру; 6.1.1.2 екі санның қатынасы нені көрсететінін түсіну; 6.1.1.3 қандай шамалар тура пропорционалды болатынын түсіну және оларға мысалдар келтіру, есептер шығару; 6.1.1.4 қандай шамалар кері пропорционалды болатынын түсіну және оларға мысалдар келтіру,есептер шығару; 6.1.1.5 координаталық түзудің анықтамасын білу және координаталық түзуді салу; 6.1.1.6 ауқым ұғымын меңгеру; 6.1.1.7 бүтін сан ұғымын меңгеру; 6.1.1.8 қарама-қарсы сандар ұғымын меңгеру, оларды координаталық түзуде белгілеу; 6.1.1.9 рационал сан ұғымын меңгеру; 6.1.1.10 санның модулі анықтамасын білу және оның мәнін табу;	
1.2 Сандарға амалдар қолдану	5.1.2.1 натурал сандарды салыстыру, сонымен қатар координаталық сәуленің көмегімен салыстыру; 5.1.2.2 амалдар саны төрттен артық болатын жақшамен және жақшасыз берілген санды өрнектердегі амалдардың орындалу ретін анықтау және мәндерін табу; 5.1.2.3 санды өрнектердің мәндерін табу үшін көбейту мен қосу амалдарының қасиеттерін қолдану; 5.1.2.4 бірдей сандардың көбейтіндісін дәреже түрінде жазу; 5.1.2.5 натурал сандардың 2-ге, 5-ке, 10-ға бөлінгіштік белгілерін қолдану; 5.1.2.6 натурал сандардың 3-ке және 9-ға бөлінгіштік белгілерін қолдану; 5.1.2.7 құрама сандарды қарапайымкөбейткіштерге жіктеу; 5.1.2.8 натурал сандардың бөлгіштерін табу; 5.1.2.9 натурал сандардың еселіктерін табу; 5.1.2.10 көбейтіндінің берілген натурал санға бөлінгіштігін талдау; 5.1.2.11 қосындының және айырымның берілген натурал санға бөлінгіштігін талдау; 5.1.2.12 екі және одан артық сандардың ең үлкен ортақ бөлгіш, ең кіші ортақ еселігін табу; 5.1.2.13 бұрыс бөлшекті аралас санға және аралас санды бұрыс бөлшекке айналдыру; 5.1.2.14 қарапайымбөлшектерді қысқартуда бөлшектің негізгі қасиетін қолдану; 5.1.2.15 қарапайымбөлшекті жаңа бөлімге келтіру; 5.1.2.16 қарапайымбөлшектерді ортақ бөлімге келтіру; қарапайым бөлшектерді, аралас сандарды салыстыру; 5.1.2.17 бөлімдері бірдей бөлшектерді қосу және азайтуды орындау; 5.1.2.18 бөлімдері әртүрлі бөлшектерді қосу және азайтуды орындау; 5.1.2.19 натурал саннан қарапайымбөлшекті азайтуды орындау; 5.1.2.20 аралас сандарды қосу және азайтуды орындау; 5.1.2.21 қарапайым бөлшектерді, аралас сандарды көбейтуді орындау; 5.1.2.22 берілген санға кері санды табу; 5.1.2.23 қарапайым бөлшектерді және аралас сандарды бөлуді орындау; 5.1.2.24 санның бөлігін табу және бөлігі бойынша санды табу; 5.1.2.25 бөлшектерді бір жазылу түрінен басқа жазылу түріне ауыстыру; 5.1.2.26 ондық бөлшектерді салыстыру; 5.1.2.27 ондық бөлшектерді қосу және азайтуды орындау; 5.1.2.28 ондық бөлшекті натурал санға және ондық бөлшекке көбейтуді орындау; 5.1.2.29 ондық бөлшектерді 10, 100, 1000 және 0,1; 0,01; 0,001 көбейту ережелерін қолдану; 5.1.2.30 ондық бөлшекті натурал санға және ондық бөлшекке бөлуді орындау; 5.1.2.31 ондық бөлшектерді 10, 100, 1000 және 0,1; 0,01; 0,001 – бөлу ережелерін қолдану; 5.1.2.32 ондық бөлшектерді берілген разрядқа дейін дөңгелектеу.	6.1.2.1 бөлшектерді пайызға және пайыздарды бөлшектерге айналдыру; 6.1.2.2 аталмыш санның пайызын табу; 6.1.2.3 бір санның өзге бір санға пайыздық қатынасын табу; 6.1.2.4 аталмыш пайыз бойынша санды табу; 6.1.2.5 сандық қатынас түсінігін игеру; 6.1.2.6 қатынасты табу, аталмыш қатынасқа кері қатынас; 6.1.2.7 пропорция қатынасын білу; 6.1.2.8 пропорцияны тану және құру; 6.1.2.9 пропорцияның негізгі ерекшелігін білу және қолдану; 6.1.2.10 берілген қатынаста шамаларды бөлу; 6.1.2.11 Шамаларды бөліктерге бөлу, аталмыш пропорционалдық сандар бойынша кері жинау; 6.1.2.12 бүтін сандарды салыстыру; 6.1.2.13 координаттық түзуде рационалды сандарды бейнелеу; 6.1.2.14 бүтін сандарды координаталық түзу көмегімен қосу және азайтуды орындау 6.1.2.15 рационал сандардың ішкі жиындарын Эйлер-Венн дөңгелектері арқылы кескіндеу; 6.1.2.16 рационал сандарды салыстыру; 6.1.2.17 таңбалары бірдей, таңбалары әртүрлі рационал сандарды қосуды орындау; 6.1.2.18 рационал сандарды азайтуды орындау; 6.1.2.19 рационал сандарды көбейтуді орындау; 6.1.2.20 рационал сандарды бөлуді орындау; 6.1.2.21 рационал сандарды қосу мен көбейтудің қасиеттерін қолдану; 6.1.2.22 шектеулі ондық бөлшектер түрінде жазуға болатын қарапайым бөлшектерді танып білу; 6.1.2.23 рационал санды шектеусіз периодты ондық бөлшек түрінде көрсету; 6.1.2.24 шектеусіз периодты ондық бөлшектің периодын табу; 6.1.2.25 шектеусіз периодты ондық бөлшекті қарапайым бөлшекке айналдыру; 6.1.2.26 рационалды сандарды қамтитын сандық өрнектердің мәнін табу; 6.1.2.27 координатты сызықтағы нүктелер арасындағы қашықтықты табу	7.1.2.1 тік пропорционалды тәуелділікті тану және мысалдар келтіру;

2) 2 бөлім «Алгебра»:

2 кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары		
	5 - сынып	6 - сынып	7 - сынып
2.1 Алгебралық өрнектер және түрлендірулер	5.2.1.1 қосу және көбейту амалдарының қасиеттерін қолданып, әріпті өрнектерді түрлендіру; 5.2.1.2 әріптердің берілген мәндері бойынша әріпті өрнектердің мәндерін табу;	6.2.1.1 алгебралық $\|a-b\|$ өрнек ұғымын меңгеру;	7.2.1.1 алгебралық өрнек ұғымын меңгеру; 7.2.1.2 айнымалылардың берілген рационал мәндері үшін алгебралық өрнектердің мәндерін есептеу; 7.2.1.3 алгебралық өрнектегі айнымалының мүмкін мәндерін табу; 7.2.1.4 айнымалылардың қандай мәндерінде алгебралық өрнектің практикалық есептер мәнмәтіндіде мағынасы бар болатынын түсіну; 7.2.1.5 жақшаны ашу ережелерін білу; 7.2.1.6 6 коэффициент, ұқсас мүшелер ұғымдарының анықтамаларын білу; 7.2.1.7 алгебралық өрнектерде ұқсас мүшелерді біріктіруді орындау; 7.2.1.8 тепе-теңдік және тепе-тең түрлендіру анықтамаларын білу; 7.2.1.9 алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендіруді орындау; 7.2.1.10 теңдіктерден бір айнымалыны екінші айнымалы арқылы өрнектеу; 7.2.1.11 пропорционалдықтың формуласын білу және графигін салу; 7.2.1.12 сандармен байланысты есептер шығаруда жазуларын қолдану.
2.2 Теңдеулер және теңсіздіктер, олардың жүйелері және жиынтықтары	5.2.2.1 арифмети-калық амалдардың белгісіз компоненттерін табу ережесі негізінде теңдеулерді шешу; 5.2.2.2 теңдеудің шығары-луының дұрыстығын тексеру тәсілдерін қолдану;		7.2.2.1 тура санды теңдіктердің қасиеттерін білу және қолдану; 7.2.2.2 бір айнымалысы бар сызықтық теңдеудің, мәндес теңдеулердің анықтамаларын білу; 7.2.2.3 бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулерді шешу; 7.2.2.4 түріндегі теңдеулерді шешу, мұндағы a және b – рационал сандар; 7.2.2.5 тура санды теңсіздіктердің қасиеттерін білу және қолдану; 7.2.2.6 теңсіздіктерді қосу, азайту, көбейту және бөлуді түсіну және қолдану; 7.2.2.7 сан аралықтарын жазу үшін белгілеулерді пайдалану; 7.2.2.8 сан аралықтарды кескіндеу; 7.2.2.9 сан аралықтардың бірігуін және қиылысуын табу; 7.2.2.10 түріндегі сызықтық теңсіздіктерді шешу; 7.2.2.11 алгебралық түрлендірулердің көмегімен теңсіздіктерді , түріндегі теңсіздіктерге келтіру; 7.2.2.12 теңсіздіктердің шешімдерін координаталық түзуде кескіндеу; 7.2.2.13 теңсіздіктердің шешімдерін сан аралығы арқылы және берілген сан аралығын теңсіздік түрінде жазу; 7.2.2.14 бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесін шешу; 7.2.2.15 теңсіздіктер түрінде берілген нүктелер жиынын координаталық түзуде кескіндеу; 7.2.2.16 екі айнымалысы бар теңдеудің анықтамасын және қасиеттерін білу; 7.2.2.17 екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесі туралы түсінігінің болуы; 7.2.2.18 екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесінің шешімі реттелген сандар жұбы болатынын түсіну; 7.2.2.19 теңдеулер жүйелесін алмастыру тәсілі және қосу тәсілі арқылы шешу;
2.3 Тізбектер және қосындылау	5.2.3.1 натурал сандар тізбегінің заңдылықтарын анықтау; 5.2.3.2 натурал сандар тізбегінің жеткіліксіз элементтерін табу; 5.2.3.3 натурал сандар тізбегінің заңдылықтарын құрастыру және тізбектерді жазу; 5.2.3.4 бөлшектерден тұратын тізбектердің заңдылықтарын анықтау; 5.2.3.5 бөлшектерден тұратын тізбектердің заңдылықтарын құрастыру және тізбектерді жазу		

3) 3 бөлім «Геометрия»:

3 кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары		
	5 - сынып	6 - сынып	7 - сынып
3.1 Геометриялық фигуралар туралы түсінік	5.3.1.1 өлшеудің түрлі ұзындық бірліктерін білу және координаталық сәуледегі бірлік кесінді дегенді түсіну; параллелепидте (кубта) және оның жайылып келу көрінісінде;	6.3.1.1 шеңбер, дөңгелек және олардың элементтері (центр, радиус, диаметр) ұғымдарын меңгеру; 6.3.1.2 циркульдің көмегімен шеңберді салу; 6.3.1.3 бұрыш және оның градустық өлшемі ұғымдарын меңгеру, бұрыштарды белгілеу және салыстыру; 6.3.1.4 бұрыштардың түрлерін ажырату (сүйір, тік, доғал, жазыңқы, толық); 6.3.1.5 дөңгелек сектор ұғымын меңгеру; 6.3.1.6 көпбұрыш ұғымын меңгеру; 6.3.1.7 тік бұрышты параллелепипед (текше) және оның жазбасы туралы түсінігі болу.	7.3.1.1 координаталық жазықтық ұғымын меңгеру; 7.3.1.2 тік бұрышты координаталар жүйесін салу; 7.3.1.3 реттелген сандар жұбы тікбұрышты координаталар жүйесінде нүктені беретінін және әрбір нүктеге нүктенің координаталары деп аталатын бір ғана реттелген сандар жұбының сәйкес болатынын түсіну; 7.3.1.4 координаталар жүйесінде нүктені оның координаталары бойынша салу және координаталық жазықтықта берілген нүктенің координаталарын табу; 7.3.1.5 остік және центрлік симметрия ұғымдарын меңгеру; 7.3.1.6 остік немесе центрлік симметриясы болатын фигуралар туралы түсінігі болуы; симметриялық және центрлік-симметриялы фигураларды ажырату; 7.3.1.7 шар мен сфера туралы түсінігінің болуы
3.2. Геометриялық фигуралардың өзара орналасуы	5.3.2.1 фигураларды қию және құрастыру арқылы есептер шығару;	6.3.2.1 фигураларды қию және құрастыру арқылы есептер шығару; 6.3.2.2 перпендикулярлы, қатар тік сызықтар мен кесінділерді тану; 6.3.2.3 графикалық тәсілмен кесінді, сәуле немесе тік сызықтардың координаттық оспен қиылысу нүктесін табу; 6.3.2.4 фигураны бейнесі және оның жазықтықтағы және кеңістіктегі бейнесін тану; 6.3.2.5 нүктелер мен фигураларды координаттың тікбұрышты жүйесі мен басында құру;	
3.3. Өлшемдік қатынастар		6.3.3.1 бұрышты транспортир көмегімен өлшеу; 6.3.3.2 градустық өлшемі берілген бұрышты транспортир көмегімен салу; 6.3.3.3 бұрыштың градустық өлшемін табуға, бұрыштарды салыстыруға берілген есептерді шығару; 6.3.3.4 координаталық түзуде нүктелердің арақашықтығын табу; 6.3.3.5 шеңбер ұзындығының оның диаметріне қатынасы тұрақты сан екенін білу; 6.3.3.6 шеңбер ұзындығының формуласын білу және қолдану; 6.3.3.7 дөңгелек ауданының формуласын білу және қолдану	
3.4. Векторлар және түрлендірулер			7.3.4.1 вектор анықтамасын білу және оны кескіндеу;

4) 4 бөлім «Статистика және ықтималдықтар теориясы»:

4 кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары		
	5 - сынып	6 - сынып	7 - сынып
4.1. Жиындар теориясы және логика элементтері		6.4.1.1 жиын, оның элементтері, бос жиын ұғымдарын меңгеру; 6.4.1.2 жиындардың қиылысуы және бірігуі анықтамаларын білу; 6.4.1.3 берілген жиындардың қиылысуы мен бірігуін табу, нәтижесін символдарын қолданып жазу; 6.4.1.4 ішкі жиын ұғымын меңгеру; 6.4.1.5 жиындар арасындағы қатынастардың сипаттамасын анықтау (қиылысатын және қиылыспайтын жиындар);	
4.2. Комбинаторика негіздері			7.4.2.1 іріктеу тәсілмен комбинаторикалық есептерді шығару
4.3 Статистика және мәліметтерді талдау		6.4.3.1 дөңгелек, сызықтық және бағанды диаграммалар туралы түсініктері болу; 6.4.3.2 дөңгелек, сызықтық және бағанды диаграммалар салу; 6.4.3.3 кесте немесе диаграмма түрінде берілген статистикалық ақпаратты алу	7.4.3.1 бірнеше сандардың арифметикалық ортасы, санды деректердің құлашы, медианасы, модасының анықтамаларын білу; 7.4.3.2 статистикалық санды сипаттамаларды есептеу;

5) 5 бөлім «Математикалық үлгілеу мен талдау»:

5 кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары		
	5 - сынып	6 - сынып	7 - сынып
5.1. Математикалық модельдеудің көмегімен есептер шығару	5.5.1.1 натурал сандарға арифметикалық амалдар қолдана отырып, мәтінді есептерді шығару; 5.5.1.2 мәтінді есептерді шығаруда ең үлкен ортақ бөлгіш, ең кіші ортақ еселікті қолдану; 5.5.1.3 қарапайым бөлшектерге арифметикалық амалдар қолданып мәтінді есептер шығару; 5.5.1.4 санның немесе шаманың бөлігін табу және бөлігі бойынша санды немесе шаманы табуға арналған есептерді құрастыру және шығару; 5.5.1.5 ондық бөлшектерге үстінде арифметикалық амалдардың көмегімен мәтінді тапсырмаларды шешу; 5.5.1.6 әріпті өрнектер құру және оларды тапсырмаларды шешуде пайдалану; 5.5.1.7 мәтінді тапсырмаларды шешу үшін формулаларды пайдалану;	6.5.1.1 пайызға байланысты мәтінді есептерді шығару; 6.5.1.2 Эйлер-Венн диаграммасын қолданып, есептер шығару; 6.5.1.3 шамалары тура және кері пропорционалдықпен байланысты есептерді ажырату және шығару; 6.5.1.4 пайызға берілген есептерді пропорция арқылы шешу; 6.5.1.5 картмен, сызбамен, жоспармен жұмыс барысында масштабты қолдану; 6.5.1.16 рационал сандарды қолданып мәтінді есептерді шығару;	7.5.1.1 қозғалыстың орташа жылдамдығын табуға есептер шығару; 7.5.1.2 мәтінді есептерді сызықтық теңдеулерді құру арқылы шығару; 7.5.1.3 мәтінді есептерді сызықтық теңдеулер жүйелерін құру арқылы шешу;
5.2. Математикалық тіл және математикалық үлгілеу	5.5.2.1 қарапайым бөлшектерді оқу және жазу; 5.5.2.2 натурал сандарды координаталық сәуледе кескіндеу; 5.5.2.3 қарапайым бөлшектерді координаталық сәуледе кескіндеу; 5.5.2.4 ондық бөлшектерді координаталық сәуледе кескіндеу; 5.5.2.5 ондық бөлшектерді оқу және жазу; 5.5.2.6 сандарды салыстыруды нәтижесін белгілері арқылы жазу; 5.5.2.7 натурал сандарды салыстыру мен реттеуді талап ететін жағдайлы зерттеу;	6.5.2.1 жиынтықтармен жұмыс жасау кезінде символдарды, ∪, ⊄, ⊂, ∉, ∈, ∩ пайдалану 6.5.2.2 жазық фигуралар мен кеңістікте геометриялық фигуралардың жайылмалы түрін құрастыру (куб және тік бұрышты параллелепипед); 6.5.2.3 екі санның қатынасын оқу және жазу; 6.5.2.4 пропорцияларды оқу және жазу; 6.5.2.5 шамаларды сипаттау үшін бүтін сандарды қолдану;	7.5.2.1 мәтінді есептер шығаруда айнымалысы бар өрнектер мен формулалар құрастыру; 7.5.2.2 шамалар арасындағы тәуелділікке есептер шығару; 7.5.2.3 шамалар арасындағы тәуелділіктің берілу тәсілдерін білу; 7.5.2.4 сипаттамасы бойынша тәуелділіктің формуласын табу; 7.5.2.5 формуламен немесе графикпен берілген тәуелділіктің кестесін құру; 7.5.2.6 формуламен немесе кестемен берілген тәуелділіктің графиктерін салу; 7.5.2.7 шынайы процестердің графиктерін қолданып, шамалар арасындағы тәуелділіктерді және зерттеу; 7.5.2.8 тура пропорционал шамалардың арасындағы шынайы тәуелділіктің графиктерін талдау беру; 7.5.2.9 сипаттамасы бойынша тура пропорционалдықтың формуласын жазу; 7.5.2.10 тура пропорционалдықтың графигін салу;

30. Осы Бағдарлама есту қабілеті бұзылған (естімейтін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-7 сыныптары үшін «Математика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімге қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

31. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

(Жалғасы бар)